

**«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ
АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

100024, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28 үй,
тел.: (7212) 35-64-12, тел./факс: (7212) 35-63-98
e-mail: office@buketov.edu.kz https://buketov.edu.kz



**Некоммерческое акционерное общество
«КАРАГАНДИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА»**

100024, г. Караганда, ул. Университетская, 28,
тел.: (7212) 35-64-12, тел./факс: (7212) 35-63-98
e-mail: office@buketov.edu.kz https://buketov.edu.kz

Non-profit limited company

«KARAGANDY UNIVERSITY OF THE NAME OF ACADEMICIAN E.A. BUKETOV»

28, Universitetskaya Str., Karaganda, Kazakhstan, 100024
tel.: (7212) 35-64-12, tel./fax: (7212) 35-63-98
e-mail: office@buketov.edu.kz https://buketov.edu.kz

№ 15-281/166
на № _____ от _____

«13» 01 20 23 ж.
« _____ » _____ 20 _____ г.

**Қазақстан Республикасы Ғылым
және жоғары білім министрлігі
Ғылым және жоғары
білім саласындағы сапаны
қамтамасыз ету комитетінің
төрағасы Г.І.Көбеноваға**

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті сізге 6D020500 – «Филология» (кадрларды даярлау бағыты) мамандығы бойынша, 8D02306001 / 8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғауға бағытталған Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы 2022 жылға арналған есеп жібереді.

Қосымша 8 бетте.

Басқарма Төрағасы – Ректор



Н.О. Дулатбеков

Орындаушы: Калиев Б.А.
Тел.: +77054550549

006666

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің жанындағы 6D020500 – Филология» (кадрларды даярлау бағыты) мамандығы бойынша, «8D02306001 / 8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің 2022 жылғы жұмысы туралы есебі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 18.02.2022 ж. №58 бұйрығымен бекітілген ерекше мәртебесі жоқ жоғары оқу орындары жанындағы диссертациялық кеңестердің тізіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 ж. №126 бұйрығымен (09.03.2021 ж. өзгерту және толықтырумен) бекітілген диссертациялық Кеңес туралы Үлгі ереженің 3, 5, 7, 9, 10-тармағына сәйкес академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті ғылыми кеңесінің шешімі негізінде (28.04.2022 ж. №16 хаттама) 6D020500 – Филология» (кадрларды даярлау бағыты) мамандығы бойынша, «8D02306001 / 8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің құрамы бекітілді.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің жанындағы 6D020500 – «Филология» (кадрларды даярлау бағыты) мамандығы бойынша, 8D02306001 / 8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөнінде Диссертациялық кеңестің (28.04.2022 ж. №16 хаттама) диссертациялық кеңес мүшелері қатарынан диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы бекітілді.

1. Өткізілген отырыс саны – 3.

20.04.2022 – диссертациялық кеңестің төрағасын, төрағаның орынбасарын және ғалым хатшысын сайлау бойынша.

13.05.2022 – академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті қазақ тіл білімі кафедрасының PhD докторанты Ажарбекова Эльвира Насипкуловнаның «Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау бойынша.

24.06.2022 ж. сағат 14.00-де 6D020500 – «Филология» (кадрларды даярлау бағыты) мамандығы бойынша, 8D02306001 / 8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуі үшін Ажарбекова Эльвира Насипкуловнаның диссертациясын қорғауы бойынша.

Диссертацияның қорғалуы туралы ақпарат пен барлық қажетті құжат академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті сайтында қолжетімді және ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жолданды.

2. Отырыстың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес (б) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты – 0

Аталған есепті кезеңде отырыстың жартысынан азына қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №,
---	-----	----------	----------------	-------------	--------------------------------

					күні
1	Ажарбекова Эльвира Насипкуловна	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6D020500 – Филология» (кадрларды даярлау бағыты) мамандығы, «8D02306001 / 8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы	24.06.2022	-

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыс тақырыптарына талдау

Қазір адамды тілдік тұрғыдан тану – тіл білімінің зерттеу нысанына алынып, өзекті мәселенің бірі. Тіл мен адам ажырамас бірлікте: ол адамды қалыптастырады, мінез-құлықты, менталитетті, ұлттық мінезді анықтайды. Адамның мәнін, танымын, мінез-құлқын, сыртқы бейнесін, эмоциясын, қимыл-қозғалысын тілдік тұрғыдан қарау – лингвистердің зерттеу нысаны. Адам әрқашан адам үшін барлық құбылыстың ішіндегі ең қызықтысы болады, өйткені ол өзін-өзі таниды және бағалайды. Адам физикалық және рухани әлемнің бірлігін білдіретін «тірі жүйе» болғандықтан, тіл – бұл идеяның көрінісі. Тіл бір бөлігі адам болып табылатын шындықты тану процесін көрсетеді. Сондықтан тіл арқылы адам айналасындағы шындық туралы білімін білдіре отырып, өзін-өзі анықтайды.

Жұмыста адами қасиетті сипаттайтын тілдік бірліктерді анықтап, олардың ішінде сын есімдерді лексика-семантикалық өріс аясында қарап, семалық талдау жасауға айрықша мән берілген. Осы мақсатқа сай мынадай міндетті шешу көзделген: тіл біліміндегі өріс теориясына қатысты ғылыми тұжырымды саралау; адами қасиетті сипаттауда қолданылатын тілдік бірліктерге (фразеологизм, мақал-мәтел, теңеу) талдау жасау; адами қасиетті сипаттайтын сын есімдердің лексика-семантикалық тобын құру; адами қасиет өрісіндегі лексеманың парадигмалық, синтагмалық қатынасын анықтау; адами қасиетті сипаттайтын сын есімдердің лексика-семантикалық тобының ядросы (өзегі) мен перифериясын (шеткері аймағын) анықтау; адами қасиетті білдіретін сын есімдердің семалық құрылымын сипаттау.

Зерттеу жұмысындағы негізгі жаңалығы мынадай: адам бойындағы қасиетті сипаттауда қолданылатын фразеологизм, паремия, теңеулер топтастырылған; адами қасиетті сипаттайтын лексеманың лексика-семантикалық өрісі түзілді; адами қасиет өрісіне енетін лексеманың парадигмалық, синтагмалық қатынасы сараланды; адами қасиетті сипаттайтын сыне сімдердің лексика-семантикалық тобының ядросы (өзегі) мен перифериясы (шеткері аймағы) анықталды; адами қасиетті сипаттауда қолданылатын сын есімдерге семалық талдау жасалып, дифференциалды семалары анықталды.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Диссертация академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қазақ тіл білімі кафедрасында орындалды.

Зерттеу жұмысы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының негізінде рухани және мәдени

құндылығымызды сақтау және ұлғайту, әлемдегі дамыған елдердің қатарына ену үшін қазақ тілінің функционалдық кеңістігін кеңейтуге қол жеткізу мақсатында жазылған.

3) диссертация нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау

Зерттеудің нәтижесі қазақ тілінің семасиологиясы, мағынаның семалық белгілері, антропоэзектік бағыттағы зерттеуге негіз бола алады.

Зерттеу барысындағы әдіс-тәсілді сипаттама, семантикалық талдау, кешенді жинақтау, компоненттік талдау, лингвистикалық талдауда қолдануға болады. Мәселен, адами қасиетті сипаттайтын сын есімдерге семантикалық талдау жасау барысында олардың семалық белгілерін анықтау мақсатында филология және психология факультеттерінің қазақтілді 18-20 жас шамасы аралығындағы студенттері мен 16-50 жастағы түрлі мамандық иелеріне сауалнама жүргізілді.

Практикалық мәні. Зерттеу жұмысындағы нәтиже, деректі жоғары оқу орындарында тіл біліміне кіріспе, лексикология, семасиология бойынша дәріс, семинар сабақтарында, сонымен қатар филология факультеттерінің студенттері мен магистранттарына арналған оқу-әдістемелік құрал әзірлеуде, сондай-ақ сөздік құрастыруда пайдалануға болады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып)

Ресми рецензенттері туралы мәлімет

№	Докторанттың аты-жөні	Диссертация тақырыбы	Ресми рецензенттері
1	Ажарбекова Эльвира Насипкуловна	«Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы»	1) Смагулова Кулдархан Нургазиевна, ф.ғ.д., атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, 10.02.02 – Қазақ тілі; 2) Мамынова Бағдан Қатайқызы, ф.ғ.д. А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты Тіл мәдениеті бөлімінің бас ғылыми қызметкері, 10.02.02 – Қазақ тілі

Рецензиялау рәсімін жүзеге асыру жөніндегі нормативтік құжаттамаға сәйкес жоғарыда көрсетілген рецензенттер 6D020500 – Филология» (кадрларды даярлау бағыты), «8D02306001 / 8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңеске докторанттардың зерттеу саласында кемінде 10 ғылыми жарияланым ұсынды. Рецензенттердің пікірлері мерзімінде ұсынылды. Негізгі жұмыс орны бойынша бұрыштама қойылып, академик Е.А.Бөкетов ат. Қарағанды университеті сайтына жүктелді.

Рецензенттер өз міндетіне ұқыпты қарады және ұсынылған жұмыстың жағымды жағын да, негізгі кемшілігін де көрсете отырып, диссертациялық зерттеуге жоғары білікті талдау жасады. Рецензенттер тарапынан ресми қарым-қатынас фактісі байқалмады.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныс

Қазақстан Республикасында ғылыми қызметке қызығушылықты ынталандыру және жас ғалымдар мен PhD докторларының одан әрі кәсіби өсуі үшін постдокторлық бағдарламалар институтын дамыту мүмкіндігін қарастыру қажет.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

- 1) қорғауға қабылданған диссертация (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 1.
- 2) қараудан алынып тасталған диссертация (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0.
- 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертация (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0.
- 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертация (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0.
- 5) пысықтауға жіберілген диссертация (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0.
- 6) қайта қорғауға жіберілген диссертация (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0.

Ескерту:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 18.02.2022 ж. №58 бұйрығымен академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде 6D020500 – Филология» (кадрларды даярлау бағыты) мамандығы бойынша, «8D02306001 / 8D02301 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес ашылды.

Диссертациялық кеңестің жұмыс істеу мерзімі - 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін

**Диссертациялық кеңестің төрағасы,
ф.ғ.д., профессор**

Ш. Мажитаева

**Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы, ф.ғ.к.**

Б.А. Қалнев



Мөр

« 26 » желтоқсан 2022 ж.